

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ

«Қазгидромет» РМК



Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №8 (Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)

«17» мамырға 2022 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «16» мамыр күні 21 сағаттан «17» мамыр күні 21 сағ. дейін 2022 ж.)

құрастырылған уақыты: 16.05.2022 ж.

Мекен жайы : Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Л. Сайлыбаева	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	А. Молдағалиева	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Р. Яфязова	тел.: 8(727) 267-64-87	e-mail: seli@meteo.kz

2022 жылғы «17» мамырға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Күндіз өткінші жаңбыр (2-5 мм), найзағай. Шығыс желі 9-14 м/с, күндіз 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 12-17 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 2 аяз -3 жылы, күндіз 4-9 градус жылы.
Күнгеі Алатау	Күндіз өткінші жаңбыр (2-5 мм), найзағай. Батыс желі 9-14 м/с, күндіз 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 11-16 градус жылы.
Теріскей Алатау	Күннің екінші жартысында өткінші жаңбыр (2-4 мм), найзағай. Шығыс желі 9-14 м/с, күндіз 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 12-17 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жауын-шашынсыз. Шығыс желі 9-14 м/с, местами 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 17-22 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 5–10, күндіз 10-15 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-6,0 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, таңертең және күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 20-25 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-6,0 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, таңертең және күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 20-25 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Күндіз өткінші жаңбыр (0,0-2 мм), найзағай болады. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 13-18 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Кей жерлерде жаңбыр, найзағай (түнде 1,0-5,0 мм, күндіз 1,0-3,0 мм). Жел солтүстік-батыстан, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 жылы.
Сауыр	Түнде кей жерлерде аздаған жаңбыр (0,1-0,4 мм). Жел оңтүстік-шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 0-5, кей жерлерде 8, күндіз 17-22, кей жерлерде 7-12 жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, кей жерлерде 5, күндіз 23-28, кей жерлерде 31 жылы.
Қазақстандық Алтай	Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-шығыстан 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, кей жерлерде 13, күндіз 23-28 жылы.

2022 жылғы 16 мамырдағы жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен үш тәулікте (13-15 мамыр) Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің ауытқуы байқалды. Терісбұтақ өзенінің сағасында су деңгейінің 1 см-ге көтерілуі бақыланды. Температуралық фон 1-2 °С-қа жоғарылады.

Тарихи анықтама

75 жыл бұрын 1947 жылдың 16 мамырында Іле Алатауының солтүстік беткейінің (Қаскелең – 62,5 мм, Алматы – 78,2 мм, Медеу – 55,9 мм, Талғар – 181,7 мм, Түрген – 73 мм) орташа таулы және төмен таулы аймақтарында қатты жауын-шашын түсті. Селдер орташа және төмен таулы аймақтарда Қаскелеңнен Түргенге дейін пайда болды.

Талғар өзені алабында апатты селдер қалыптасты. Бұл нөсерлі жаңбыр және салдарынан болған селдер Бесағаш ауылы мен оның маңайындағы 18 адамның өмірін қиды. Жолдар, көпірлер, тұрғын үйлер қирап, егістіктер мен бақшалар шайылды.

**Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер
2022 ж. " 16" мамырға**

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м ³ /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лайлылық
				Макс. 15.05	Мин. 16.05	08 ч 16.05	Күн. 15.05	Түн. 16.05	Орт. 15.05	08 с 16.05	Орт. 15.05	Макс. 16.05	08 ч 16.05.		
1	К. Алматы	М Мынжилки	3017	5.8	-0.3		0.5								*
2	К. Алматы	ГБ Мынжилки**	3017	2.4	-0.6		2.7								*
3	К. Алматы	ГБ А. Туюкеу	2466			2.0			607	606	0.50	0.45	0.45	-1	*
4	К. Алматы	М Шымбулак	2200	7.4	3.4		1.1								*
5	К. Алматы	ГБ Сарысай	1928			7.0			257	257	0.83	0.83	0.83	0	*
6	К. Алматы	ГБ Медеу	1700			7.0			102	101				-1	*
7	Батарейка	ГБ Просвещенец	1569			9.0			56	55				-2	*
8	К. Алматы	ГБ Алматы қ.	1179			9.0			189	188	1.65	1.53	1.53	-2	0
9	Бугак	ГБ Бугак	1475			10.0			251	249				-3	*
10	У. Алматы	ГБ 1,1 км қ. жоғары	2654			1.0			301	301	0.4	0.4	0.4	0	*
11	У. Алматы	ГБ Проходной ө. с. жоғары	1471			11.0			270	270				0	*
12	Кумбель	ГБ Устье	2150			3.0		3.0	65	65				0	*
13	Проходная	ГБ Устье	1422			6.0			273	269	1.13	1.16	0.91	-3	*
14	Терисбугак	ГБ Устье	1362			9.0		9.0	213	213	1.01	1.05	1.01	+1	0
15	Каскелен	ГБ Каскелен	1133			16.0			275	275	3.62	3.62	3.62	0	*
16	Турген	ГБ Таугурген	1054			12.0		1.0	105	103	5.59	5.74	4.84	-2	*
17	Есик	ГБ қ. Есик	1279			10.0			204	203				-1	*
18	Талгар	Талгар	1199			11.0			302	301				-2	*
19	Улкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауында	2500	6.5	1.3		3.2		58	13				-45	*

Ескертпе:

* - деректер жоқ

** - өзен қатып қалды

Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру
«17» мамырға 2022 ж.

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктікте орналасқан. Орташа таулы аймақта топырақтың алдын-ала ылғалдануы жаңбыр генезисінің селін қалыптастыру үшін қолайлы. Күндіз қысқа мерзімді жаңбыр 2-ден 5 мм-ге дейін, найзағай. Мұндай жауын-шашынның түсуі селдің пайда болуына әкелмейді, бірақ селдің қалыптасуына қатысатын топырақтың алдын-ала ылғалдануын арттырады.
	Күнгей Алатауы	
	Теріскей Алатауы	
	Жетісу Алатауы	
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Күндіз кей жерлерде 1,0-ден 6,0 мм-ге дейін жаңбыр, найзағай, бұршақ күтіледі. Мұндай жауын-шашынның түсуі селдің пайда болуына әкелмейді.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Күндіз қысқа мерзімді жаңбыр 2 мм-ге дейін, найзағай. Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға ықпал етпейді.
	Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисінің сел қауіптілігі жоқ.
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Кей жерлерде жаңбыр, найзағай (түнде 1,0-5,0 мм, күндіз 1,0-3,0 мм) күтіледі. Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисінің селін қалыптастыруға ықпал етпейді.

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Шығыс Қазақстан	Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисінің сел қауіптілігі жоқ.
	Сауыр	Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Түнде кей жерлерде 0,4 мм-ге дейін аздаған жаңбыр жауады, сел қауіптілігіне алып келмейді.
	Қазақстандық Алтай	Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисінің сел қауіптілігі жоқ.

* Сел болжамы үшін қажетті ақпараттың шынайылығының артуына қарай кеңес берулер сел қауіптілігінің деңгейі туралы мәліметтерді қамтитын болжамдармен алмастырылады (Мысалы Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің алаптары).

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда өзін-өзі ұстау ережесін сақтау (6 Қосымша)

Сел қауіптілігінің деңгейлері

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Сел үдерісінің даму ықтималдылығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығының жоғары мәндері</p>	<p>Негізгі өзен аңғарында сел үдерісінің даму ықтималдығының жоғары болуы және негізінен таудан шыға берісте сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында және таулардан шыға берісте орналасқан халық пен шаруашылық объектілері үшін үлкен қауіп</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, жауын-шашын қарқындылығының олардың ұзақтығы салыстырмалы түрде төмен болған кездегі жоғары мәндері</p>	<p>Селдің негізгі өзен аңғарына шығу ықтималдығы жоғары және онда сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне үлкен қауіп</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығы салыстырмалы түрде төмен</p>	<p>Селдің пайда болу ықтималдығы шамалы</p>	<p>Сел пайда болу аймағындағы адамдар үшін қауіп</p>	<p>Сел қаупі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы</p>	<p>Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	

Сел қауіптілігінің белгілері және сел қауіптілігі бар аймақта өзін-өзі ұстау ережелері

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін, ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел тасқынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Күшті жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қаупінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қаупі бар аймақта өзін-өзі ұстау ережелері

- ✓ Өзен арнасына, құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.